Құрметті "VTB Online banking" Интернет-банкинг жүйесінің Пайдаланушылары Сіздердің назарларыңызға ЭЦҚ Тіркеу куәлігін қайта шығару жөніндегі толық нұсқаулықты ұсынамыз.

ЭЦҚ Тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі оны шығарған немесе қайта шығарған сәттен бастап 1 жылды құрайды. "VTB Online banking" Интернет-банкинг жүйесінде (бұдан әрі - Интернет-банкинг жүйесі) ЭЦҚ Тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 30 күн бұрын ЭЦҚ Тіркеу куәлігін қайта шығару қажеттілігі туралы ескертумен хабарлама қалыптастырылады. ЭЦҚ Тіркеу куәлігін қайта шығаруды келесідей тәсілмен жүзеге асыруға болады:

**1. ҚБЕО КО сайтында ЭЦҚ Тіркеу куәлігін қайта шығару:**

Сіз осы рәсімді ҚБЕО КО https://ca.kisc.kz сайтында жүзеге асыра аласыз. Ол үшін ҚБЕО КО https://ca.kisc.kz сайтындағы жеке кабинетте "сертификат бойынша" белгісін қойып, ЭЦҚ Тіркеу куәлігін қайтагенерациялауға сұраныс  жасау қажет және кіруді жүзеге асырыңыз.




Жеке кабинеттің ашылған терезесінде "Жаңа сертификатты шығаруға сұранысты" басу қажет.



Параметрлер терезесінде, Құрылғы өрісінде JavaToken-Ja vaToken таңдап, содан кейін "Сұранысты жіберу" батырмасын басыңыз.

& Жеке кабинет
Удостоверяющий Центр КЦМР

**Жеке кабинет**

**Сертификат шығаруға сұраныс (ABAIDENOVA)**

**Нақтылау**

| | |
|---|---|
| Құрылғы | JavaToken - JavaToken |
| Сертификат | C=KZ, O= Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ, ои= Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ, СЫ=Байденова Асылгуль Амантаевна |
| Өтініш мөрі | |

Жаңа ЭЦҚ Тіркеу куәлігін (GOST және RSA) жазу процесының барысы туралы жүйе "Процесс логы" мәтіндік алаңында хабардар ететін болады.

ЭЦҚ жаңа Тіркеу куәлігін қалыптастыру процесы аяқталғаннан кейін ҚБЕО КО және Банк жағында Пайдаланушының электрондық мекенжайына ЭЦҚ Тіркеу куәлігін қайта шығару туралы растау келеді.

Содан кейін Сізге ҚБЕО КО жеке кабинетіне қайтадан кіріп, "Барлық сертификаттарды орнату" пернесін басу қажет.

Сәтті орнатылған ЭЦҚ Тіркеу куәлігін (GOST және RSA) және оның әрекет ету мерзімін Tumar CSP конфигураторынан көруге болады.

Жаңа әрекет ету мерзімі бар ЭЦҚ Тіркеу куәлігін көрсету Сіздің еТокен-де ЭЦҚ Тіркеу куәлігі жасалып, сәтті жаңартылғанын білдіреді.




Барлық рәсімді орындағаннан кейін Техникалық Қолдау Қызметіне кілтті қайта генерациялау туралы хабарлауыңыз қажет. ((727) 330-67-67, onlineservice@vtb-bank.kz)

**2. ЭЦҚ Тіркеу куәлігін уақтылы қайта генерацияламау:**

Егер Сіз ЭЦҚ Тіркеу куәлігін қайта генерациялауды уақтылы жүзеге асырмаған жағдайда, Интернет-банкинг Жүйесіне кіру автоматты түрде бұғатталады. Бұл жағдайда, Сізге Банкке еркін нысандағы өтінішпен, уақытылы қайта шығару Интернет-банкинг Жүйесін Пайдаланушының кінәсінен жүзеге асырылмағаны туралы міндетті түрде белгісі бар ЭЦҚ Тіркеу куәлігін қайта шығаруды жүзеге асыру өтінішімен Операционистке жүгіну қажет.

Бұл ретте, Сіздің e-Token Операционистпен тапсыру-қабылдау актісі бойынша алынады және Банктің бас кеңсесіне жіберіледі. Банктің бас кеңсесінде ЭЦҚ Тіркеу куәлігін қайта шығару және оның e- Token -ге "бағдарламалық жасақталуы" жүзеге асырылады, содан кейін "бағдарламалық жасақталған" e-Token жаңа ЭЦҚ Тіркеу куәлігі Филиалға жіберіледі, онда Сіз оны алып кете аласыз.